6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Мурзаходжаев Куаныш Мадиевичтің «XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы джадидтердің мәдени-ағартушылық қызметі» деп аталатын диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Мурзаходжаев Куаныш Мадиевичтің «XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы джадидтердің мәдени-ағартушылық қызметі» атты диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда: «ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама» ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының) «Ғылым» жөніндегі 3 тараудың мақсаттарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	К.М. Мурзаходжаевтың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: - білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер

2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі мақсаты XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақ даласында жәдидшілдік идеясының өрістеуіне байланысты, қозғалыстың қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени, ағартушылық және рухани өміріне тигізген ықпалын анықтау болып табылады. Зерттеуші өз алдына бірнеше міндеттер қойған: XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақ даласының экономикалық, саяси, рухани, діни ахуалын қарастыру; Жәдидтік қозғалыстың етек алуына дейінгі кезеңдегі қазақ халқы арасындағы жалпы ислам дінінің рөлі, таралу ауқымы, дәстүрлі мұсылмандық білім ошақтарының хал-жағдайын талдау; Жәдидтік қозғалысқа қатысты отандық, көрші мемлекеттердің және дүниежүзілік ғалымдардың жүргізген зерттеулерін қарастыру; Патшалық Ресейдің өзінің құрамына көптеген территориялар мен халықтарды қосып алуынан туындаған «мұсылмандық мәселені» шешуге қатысты ұстанған саясаты мен әдіс-тәсілдеріне талдау жасау; Отарлық саясаттың бір құрамдас бөлігіне айналған патшалық өкіметтің қазақ халқына қатысты жүргізген рухани қысымшылығын зерделеу; Қазақ жерінде XIX ғ. аяғынан бастап пайда бола бастаған жәдидтік жаңа әдісті мектептер мен медреселердің ашылуы, бағдарламасы, мақсаты, оқыту жүйесі, т.б. мәселелерге еркіндік позициясы тұрғысында зерттеу; Көзі ашық, көкірегі ояу ұлтжанды прогресшіл азаматтардың қазақ халқын қараңғылықтан құтқарып, ояту мақсатында мәдени-ағартушылық бағытта жасаған еңбектеріне талдау жасау және т.б. Диссертацияның құрылымдық жоспарына орай, аталған міндеттер толық шешімін тапқан. Зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері, өзектілігі, тарихнамасы мен деректік базасы, ғылыми жаңалығы мен хронологиялық шеңбері және тағы басқа мәселелер тараулар мен бөлімдері арқылы талдауға алынып, көзделген мақсаттар мен міндеттердің орындалуына жол ашқан. Дисертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Ғылыми жұмыстың алдыға қойған мақсатқа жетудегі құрылымы тақырыптың мазмұнын толығымен ашады. Мазмұнын баяндау желісі жүйелі, зерттеудегі ғылыми тұжырымдары дәлелді. Диссертация

			тақырыбының маңызы ашылған, қолданбалық нәтижелері өзекті. Ғылыми жұмыстың берген тұжырымдары мен қорытындылары бұрын соңды жарияланбаған. 2.1 Ғылымға үлесін қосады, тақырыптың маңыздылығы ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ұсынылып отырған диссертацияны Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич өзі жазған және жазылу деңгейі жоғары. Себебі, жұмыста келтірілген тарихи деректер берілген түсініктерді дәйектейді. Тақырыпқа қатысты ғылыми пайымдаулар мен ұғымдарға талдау жасалып, берілген қорытындылар белгілі үйлесімділікте тұжырымдалған, жұмыстың алдыға қойған міндеттерін жүзеге асырудағы берілген пайымдауларға тиісті тұжырымдар мен қорытындылар жасалған. 3.1 Жазу стилі үйлесімді, деңгейі **жоғары**.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделген. Тарихнамалық талдау барысында таңдалған тақырыптың өзектілігі айқындалған. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақ даласында орын алған білім беру жүйесін бүгінгі таңда тарихи тұрғыдан кешенді қарастырған зерттеулер аз. Атаулы кезеңде қазақтардың білім беру жүйесі ресей империясының түркі-мұсылман халықтарына қатысты ішкі саясатымен тығыз байланысты болған. Осы тұрғыдан, білім беру жүйесінің даму үдерісін қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени ахуалымен тығыз байланыста қарастырған зерттеу ретінде К.М. Мурзаходжаевтың XIX ғ. 2-жартысы мен XX ғ. бас кезінде қазақ даласында жәдидшілдік идеясының өрістеуіне байланысты, қозғалыстың қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени, ағартушылық және рухани өміріне тигізген ықпалын анықтау және талдауға арналған ғылыми жұмысы өзекті болып табылады. Жәдид өкілдерінің қызметін анықтайтын ғылыми айналымға әлі енгізілмеген архив дереккөздері негізінде аталмыш кезеңдегі ағартушылық тарихы тәуелсіздік сана тұрғысында талданылуы жұмыс тақырыбының өзектілігін айшықтай түседі. 4.1.1 Диссертация өзектілігі **негізделген**.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толық

		тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	айқындайды. Жұмыстың мазмұнын ашу үшін жасалған жоспары үйлесімді, өзара сабақтас. Диссертация жұмысы: Белгілеулер мен қысқартулар, Кіріспеден, 3 тараудан, 6 тараушадан, Қорытындыдан және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімі мен Қосымшадан тұрады. Диссертацияның құрылымы, мәтіннің мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер қисынды. Диссертацияның тараушалары логика тұрғысынан бір-бірімен сабақтасады. Жекелеген тараулар бойынша қорытындылар нақты деректермен негізделген. 4.2.1 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық **айқындайды**.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мазмұнын ашу үшін алға қойған мақсаттар мен міндеттер диссертацияның тақырыбына толық сәйкеседі. Диссертация мақсаты айқын қойылған. Зерттеудің міндеттері алға қойған мақсаттарға жету жолын айқын көрсетеді. Диссертацияның мазмұнын ашу үшін құрылған мақсат пен міндеттер өзара логикалық байланысты. Зерттеудің алдына қойған әрбір міндеті диссертация құрылымдық бөліктерінің ашылуын қамтамасыз еткен. К.М. Мурзаходжаев диссертациялық жұмысты жазу барысында бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген деректерді пайдалана отырып, зерттеу тақырыбына жан-жақты талдау жасаған. Зерттеу жұмысының нәтижесіндегі тұжырымдарды дәйектеуге деректерді пайдаланғанда, олардың әрқайсысына сілтемелерді орынды берген. Дерек қоры мол, зерттеу қорытындыларына өзара сәйкеседі. 4.3.1 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық **сәйкес келеді.**
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның бөлімдері құрылым ретінде орынды логикалық тұрғыда байланысты сақтап, құрылымы дұрыс берілген. Логикалық тұрғыда өзара толық байланысқан. Зерттеу жұмысының әрбір тарау, тараушалары өзара сабақтасып, логикалық байланыста құралған. Дисертанттың ұсынған жаңа тұжырымдары мен пайымдаулары, шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденген. Тұжырымдар бұрыннан белгілі концепциялармен салыстырыла отырып, зерделенген. Диссертацияда автор сыни талдауды жүзеге асырған. Бұрынғы

			авторлардың пайымдарына сыни тұрғыда өз бағасы берілген. Мұның барлығы ұсынылып отырған жұмыстың мазмұнында толық қамтылған. 4.4.1 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыда **толық байланысқан**.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыстың мазмұнындағы берілген мағлұматтар деректермен дәйектелген, дереккөздер жүйеленіп, жан-жақты талдау жасалынған. Зерттеудегі тұжырымдар сілтеме қою арқылы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. Зерттеуде және оның нәтижелерін тұжырымды баяндауда таңдалған әдістер бір-бірімен байланыста және үйлесімді қолданылған. Диссертация жұмысының нәтижелері дереккөздер мен негізгі әдебиеттерге тікелей жүйелі, сыни талдау жасау арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Теориялық концепцияларға сүйеніп, қорытындылар, анықталған өзара байланыстағы қағидаттар дәлелденген, бұрыннан белгілі көзқарастармен салыстырылып бағаланған, заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 4.5.1 Берілген басқа да авторлардың тұжырымдарын талдай отырып, өз пікірін де бере білген. **Сыни талдау бар**.
	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен сәйкесінше жасалған қағидалардың барлығы жаңа. - Зерттеу барысында алынған бірінші нәтиже жаңа. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақ территориясындағы жәдидтік қозғалыстың келіп, кең қанат жаюына ықпал еткен факторлар анықталып, салыстырмалы талдау әдісі негізінде жәдидшілдіктің әртүрлі қырлары жан-жақты жүйелі түрде зерттелген. Әсіресе XIX ғасырда әлемде жүріп жатқан технологиялық жаңару процесінен қазақ халқының артта қалып жатқандығы, елдегі экономикалық, білім-ғылым, рухани салада болып жатқан құлдыраушылық өзара салыстыра отырып талданған;

			- Жалпы жәдидтік қозғалысқа арналған, сонымен қатар қазақ даласындағы жәдидшілдіктің тарихына қатысты барлық ғылыми еңбектер жинақталып, бұл зерттеулерге тәуелсіз көзқарас тұрғысында сыни талдаулар жасалған. Патшалық замандағы орыс ғалымдары жазған еңбектерде және кеңестік кезеңдегі жарыққа шыққан еңбектердің көп бөлігінде «артта қалған, бұрата қараңғы қазақ халқына» орыс халқы өзінің алдыңғы қатарлы мәдени жетістіктерін әкеліп, «білім-ғылым сәулесін» шашып, ағартушылық қасиетті миссияны орындағаны жөнінде көп айтылған. Осы сарындағы барлық зерттеулерге еркін, азат сана позициясында сыни талдау жасалған; - Үшінші нәтиженің жаңалығы ғылыми жұмысты жазу барысында бірқатар архивтердің қорында жатқан, бұрын зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген жаңа құжаттар ғылыми айналымға енгізілген. Бір мысал келтірсек, Томск облысының Мемлекеттік Архивінің Ф-125 «Батыс Сібір училищелерінің бас инспекторы» атты қордың 597-ісінде қазақ даласында фанатик татар ықпалының күшейіп жатқандығы, татар алфавитінің орнына іс-қағаздарды қазақ қарпімен жүргізу қажеттігі айтылған; - Төртінші: Қазақстан жеріндегі консервативтік және новаторлық мектеп пен медреселердің білім беру жүйесі зерттеліп, архивтік құжаттарға сүйене отырып мұсылмандық оқу орындарының статистикалық мәліметтері жинақталған. Табылған архивтік құжаттардағы жәдидтік мектеп-медреселерге қатысты санды мәліметтер топтастырылып, облыстар бойынша салыстырмалы толық емес кесте жасалған. Әрине патшалық биліктен қауіптенген кейбір жаңа әдісті білім ошақтары жасырын да қызмет еткен. Десек те, әр облыс бойынша жиналған статистикалық мәліметтер жаңа әдісті мектептердің қазақ даласының түкпір-түкпірінде де ашылып, кең таралғандығы айғақталған; - Бесінші: тақырыпқа қатысты мәліметтерді сол заманда шығып тұрған бірқатар мерзімді басылымдардан алынып, архивтік құжаттар мен зерттеулермен өзара талдау жасалған. Сол заманда кең тараған бірден-бір таптырмайтын қатынас құралы газет-журналдар болған.

			Басылымдар арқылы зиялы қауым бір-бірімен хат алмасып, өз ойымен бөлісіп отырған. Сондықтан жәдидтік идеяның таралуын, қазақ халқына ықпалын зерттемес бұрын, ең алдымен сол заманда шыққан мерзімді басылымдарды қарау қажет. Диссертант газет-журналдарды архивтік құжаттармен, зерттеулермен салыстыра отырып, талдаудан өткізген; - Алтыншы: қазақ жерінде ашылған жәдидтік мектеп пен медреселердің оқу бағдарламалары, оқулықтары мен кітаптары жіктеліп, оқытушылар құрамы анықталған. Жаңа әдісті мектептерге бүгінгі күннің үрдісі секілді шетелдік ірі ғалымдарды алдыртуға мән берген. Нәтижесінде мысалы Ғабдулвалиев мектебінде орыс мұғалімі, татар, башқұрт, түрік мұғалімдері дәріс берген; Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1.1 **Толығымен жаңа**.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем	Диссертацияда алынған тұжырымдар мен қорытындылар жаңа. Зерттеуде жасалынған қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды деректермен дәлелденіп, өз тұжырымдарын бере білген. Диссертациялық жұмыстың қортындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдің тиімділігімен сипатталады. 5.2.1 **Толығымен жаңа.**
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты ішінара жаңа (25-75% жаңа); Диссертациялық жұмыс гуманитарлық бағыт бойынша әзірленген, сондықтан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды қажет етпейді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық негізгі қорытындылар нақты деректермен дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан тұжырымдалған. Қорытындыларда келтірілген деректер ауқымды дәлелдемелерге негізделген.

		даярлық бағыттары үшін).	
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Зерттеуші диссертациялық жұмыста келтірген тұжырымдарға қатысты негізгі қорытындылары маңызды деректермен дәйектелген, ғылыми тұрғыдан сенімді, қорытынды дәлелдемелерге негізделген. Диссертацияда зерттеуші келтірілген әрбір тұжырымдар деректермен дәлелденген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады. **Ережелерге сәйкес бірінші алынған тұжырым:** Патшалық биліктің қоластындағы түркі-мұсылман халықтарға жүргізіп отырған отарлық саясаты мен әлемдегі мұсылмандардың рухани ахуалы жәдидтік қозғалыстың дүниеге келуіне алғышарт жасағандығы нақтыланды. Диссертант Л.Гумилевтің пассионарлық теориясына сүйене отырып, жәдидтік қозғалыстың пайда болуына алғышарт жасаған түркі-мұсылман әлеміндегі мұсылмандық ілімнің құлдыруы мен ислам дінінің терең философиялық білімінің құлдырып, орнына тек сыртқы формасы қалғандығын көрсете алған. Сондай-ақ, жәдидтік идеяның орта ғасырлық ренессанс құбылысымен кейбір үндестігі бар екендігін де дәлелдей алған. Себебі, екі феноменнің де алға қойған мақсаты дінді тазарту, кейінгі уақытта қосылған әртүрлі қате түсініктерден арылу, адамның санасы мен ойлау қабілетіне басымдық беру, т.б. Аталмыш фактілер нақты деректермен дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә **Екінші тұжырым:** Жәдидтік қозғалысты шартты түрде тек ағартушылық, не діни, не саяси, не мәдени деп бөліп қарастыруға болмайды. Себебі, жәдидтер тоқырауға ұшырап жатқан қоғам өмірінің барлық мәселелерін көтеріп, оны шешудің бірден-бір жолы ретінде білім мен ғылымды дамыту керектігін алға тартты. Осы бағытта Ресей империясының түркі-мұсылман халықтары мен қазақ зиялылары күш біріктіргендігі дәлелденді. Өйткені, қазақ халқы,

			татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, т.б. түркі-мұсылман халықтары Ресей империясының отары болды, барлығының да басына төнген орыстандыру мен шоқындыру тағдыры мәселесі ортақ болды. Тарихы мен тілі, мәдениеті мен бостандығы ауыр жағдайда тұрды. Сондықтан ұлт зиялылары білім-ғылым көмегімен еркіндікке жетуді алға мақсат етіп қойды. Осы жолда аянбай еңбек еткендігін диссертанттың ғылыми зерттеу жұмысында баяндалған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә **Үшінші** тұжырым. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында әлемде болып жатқан ғылыми-техникалық прогрестен шет қалған түркі-мұсылман халқын оятып, жаңаруға бастайтын интеллектуалды элита қажет болды. Қалыптасқан тарихи, саяси-әлеуметтік және мәдени жағдайларға байланысты қазақ даласындағы мұсылмандық білім беру жүйесін реформалаудың қажеттілігі туындады. Елдегі дәстүрлі мұсылмандық мектеп/медреселер өзінің ресурстарын сарпыды, себебі заман бір орында тұрмайды, оқыту жүйесі де, мақсаты да, технологиясы да заман сұранысына қарай өзгеріп отырады. Баланы араб алфавитінде өз бетінше оқыта алуға жылдап уақыт кететін болса, жаңа әдісті мектептерде оған бір ай ғана жеткілікті болған. Бұл оқыту жүйесінің тиімділігінің дәлелі болды. Осы орайда еліміздегі оқу орындарын жәдидтік бағытта реформалау күн тәртібінде тұрды. Осы секілді қажеттіліктер ғылыми тұрғыда негізделіп, дәйекті сараланды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә **Төртінші** тұжырым. Жаңа әдісті мектеп-медреселердің қалыптасуы қазақ халқының діни көзқарасының ерекшеліктері мен ұлттық

			танымының оянуына және заман талабына сай зайырлы білім алу қажеттілігіне байланысты болғандығы көрсетілген. Дәстүрлі мұсылмандық оқу орындарын бітірген шәкірттердің кейін қоғамда өзіндік орнын таба алмай, әлеуметтік-қоғамдық қатынастардан шетте қалып жатқандығын диссертантархив деректеріне сүйене отырып көрсеткен. Ендігі кезекте тек діни іліммен шектелмей, болашақта еліне пайда тигізетін дүниелік ғылымды да үйрену қажеттілігі сезілді. Мұны Алаш зиялылары да өз еңбектерінде үнемі айтып отырғандығы мәлім. Ал зайырлы білімді ең алдымен мектеп табалдырығынан үйрете бастау керектігін негіздей алған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә **Бесінші** тұжырым. Реформа бастапқыда сауат ашуды қамтамасыз ететін және ұйымдастыратын бастауыш білім беретін мектептерде жүргізілді. Жәдидтік жаңа үлгідегі мұсылмандық оқу орындарының қазақ даласында таралмай тұрып та діни сауат ашатын білім ошақтары болған. Олардан барлық дерлік қазақ жастары алғашқы сауатын ашқан. Бұл мектеп-медреселердің қоғам өмірінде алған орнын ешкім жоққа шығармайды. Алайда, XIX ғ. соңында пайда болған инновациялық оқыту методикасы аз уақыт ішінде өзінің тиімділігін көрсетіп, халықтың ықыласына бөленді. Осындай білім ордалары болашақ ұлт зиялыларын қалыптастыруда өзіндік үлес қосқандығы дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә **Алтыншы тұжырым.** Қазақстан территориясында жәдидтік идеяның кең таралуында мерзімді басылымдардың орны ерекше болды. Газет беттерінде дыбыстық оқытудың артықшылықтары

			насихатталды, әлемдегі болып жатқан ғылыми-техникалық жаңарулардан хабар берді, халықтың ұлт ретінде жоғалып кетпеуі үшін ескіліктен арылуға шақырды. Жалпы айтқанда, жәдидтер үгіт-насихат технологиясын кеңінен пайдаланып, оқыту мәселесімен қатар баспахана ашу, кітапхана, оқулық жазу, шетелмен тәжірибе алмасу, т.б. мәселелерді күн тәртібіне қойды. Жарқын болашаққа жету жолында алдымен оқыту жүйесіне өзгерістер енгізілісе, енді осы бағытта шәкірт тәрбиелейтін жаңашыл ұстаздар мен оқулықтар, кітаптар қажет болды. Оның орнын толтыруда алғашында татар тілінде жарыққа шыққан оқулықтар болса, кейіннен қазақ тілінде де көптеп жарыққа шыққан болатын. Осы тұрғыда қай жаңа әдісті мектепте қандай оқулықпен сабақ жүргізілгендігі туралы ізденуші архив материалдарына сүйеніп, кесте түрінде көрсете алған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә **Жетінші** тұжырым. Жәдидтік қозғалыс отарлық саясатқа қарсы бас көтерген ата-бабалардың ізін жалғастырушы феномен (құбылыс). Ерекшелігі, қолға қару алып емес, қалам алып интеллектуалды күреске шығуы. Бабалар аңсаған тәуелсіздік, еркіндік идеяларының заңды жалғасы. Жәдидтік идея ықпалымен аз уақыттың ішінде халықтың көзін ашып, рухани құндылығын толықтырып, батыс әлемінің жетістіктерін ұлттық ерекшелікпен әдемі үйлестіре алды. Жаңа әдісті мектептер ашуда, балаларға мықты ұстаздарды алдырту, жаңа оқу бағдарламасына негізделген жаңа оқулықтарды шығаруда, осы жолда көптеген материалдық шығындарды шығарудың астарында бүкіл қазақ ұлтының болашағы тұрғандығын сәтті көрсете алды. Кейінгі уақытта да «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген халық даналығы бірнеше мәрте дәлелденген болатын. дәлелденді. 7.1. Дәлелденді

			7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә **Сегізінші тұжырым.** Жәдидтік идея кейіннен ұлттық идеологияға айналып, Алаш зиялыларының ұстанымдарымен біріккендігі дәлелденді. Қазақ жеріндегі жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі күллі түркі-мұсылман халықтарының арасындағы үзіліп қалған тарихи көпірді қалпына келтіріп, өзара достастық қарым-қатынас орнатып, әлемдік өркениетпен сабақтастырып кеткен құбылыс болғандығы нақтыланды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә
	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: **1) иә;** 2) жоқ	Диссертацияны жазуда қолданылған әдіснама негізделген. Әдіснамада басты қағида, зерттеудің методологиялық негізі ретінде өркениеттілік және пассионарлық теориялары қолданылған. Өркениеттілік бағыт зерттеу жұмысының негізгі тірегі ретінде басшылыққа алынып, жәдидшілдік қозғалысының қалыптасуын, дамуын, жоғарғы шегіне жетуі мен бәсеңдеуін көрші халықтармен өзара байланыста қарастырған. А.Д. Тойнби ұсынған өркениеттілік тұрғысында басты рөл рухани-адамгершілік және интеллектуалдық факторға беріліп, оны сипаттауда діл, дін және мәдениет негізгі орын алады. Ғалымның пікірінше, кез-келген өркениет өзінің пайда болу, гүлдену, құлдырау шағын бастан өткереді. Соның негізінде қоғамдық дамудың қайталанбалы эмпирикалық заңдылығы теориясын ұсынған және оның қозғаушы күші элита болып табылатынын көрсеткен. Ал Лев Гумилевтің пассионарлықтеориясы бойынша халық басына түскен ауыр жағдайда елді тығырықтан құтқаратын, бойына пассионарлық күшті жиған тұлғалар тарих сахнасына шығады. Сол заманда осы пассионар тұлғалар жәдидтік идеямен сусындап, прогрессивті рухта білім алған зиялылар өз

			ұлтының болашағы жолында күреске шыққандығын диссертант көрсеткен болатын. Зерттеудің мақсатына жету үшін гуманитарлық ғылымда кең таралған жалпы ғылыми әдістер: эмпирикалық, бақылау, тарихи-салыстырмалық, талдау, жинақтау, индуктивті, дедуктивті, нарративтік, кезеңдеу, аналогиялық, жүйелеу, абстракциялық, нақтылы-проблемалық, объективтілік әдіс-тәсілдері пайдаланылған. 1. **Ия**
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; **2) жоқ**	Диссертация тақырыбы арнайы түрдегі бағдарламалық компьютерлік технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған. 2. **Жоқ**
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) иә;** 2) жоқ.	Зерттеуде ізденуші тақырыпқа қатысты шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық тұжырымдамаларын негізге ала отырып, өз бетінше ғылыми теориялық қорытындылар жасай білген. Зерттеудің мазмұнын ашу мақсатында да бұрындары ғылыми айналымға түспеген деректерді қолдана отырып, алдыңғы зерттеулерде қарастырылмаған мәселелерге көңіл бөлген. Бұл да зерттеушінің теориялық білімі, методологиялық ұстанымы мен деректердің жіктелуіне және фактілерді жүйелеуіне шамасы жететін кәсіби біліктілігін көрсетеді. Тарих ғылымындағы қазіргі әдістемеде тарихи фактілер мен тарихи оқиғалар көрінісі жеке адамдар мен қауымдастықтардың немесе билік органдары құрылымының бірлескен әлеуметтік әрекетін іске асыру ретінде қарастырылады. Диссертанттың қолданған әдістері тақырыптың мазмұнын ашуға бағытталған кешенді, біртұтастық сипатқа ие және жалпылама ортақ бағытталуымен ерекшеленеді. Зерттеуде жүйелеу, тақырып мазмұнының ішкі ұйысуы, дәлелденген қорытындылар мен алынған нәтижелер зерттеудің ғылыми жетістігі болып саналады. Тақырыптың мазмұнын ашуға қатысты зерттеулер мен деректер

			жиынтығы жүйеленген. Бұл теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, деректер мен мәліметтерді орынды қолданғандығын, нәтижеде өз пайымдауларымен қоса шығармашылық синтез негізінде зерттелгендігін көрсетеді. Алынған тұжырымдар, зерттеушіден тарихи өлшемдердің терендігі мен зерттеу құралдарын және зерттеу нысанын талдауда оның мәнін терең ұғынуды талап етеді және сол орындалғанда ғана қолжетімді болады. Сондықтан зерттеуші, қазіргі тарихнамадағы ең маңызды әдіснамалық міндеттерді: тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықтың анықталуын, негізгі тарихнамалық фактілердің іріктелу критерийлерінің нақтылануын, тарихнамалық талдау мен дереккөз арақатынасын құрудың, тарихтың объективтілігін анықтаудың, тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы тарихшылар мен олардың еңбектерінің үлесін, сондай-ақ тарихтың даму кезеңдері критерийлерін анықтаудың бағыттарын негіздей алған. 1. **Иә**
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Жалпы тақырыптың тарихнамасы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінен қалыптаса бастаған және бүгінгі таңда бірқатар зерттеулерде кездеседі. Бұл зерттеулерде жәдидшілдік және оның Қазақ даласына ықпалы, мұсылмандық білім беру жүйесі мен қазақ халқының әлеуметтік, мәдени және саяси салаларындағы қозғалысы ретінде тікелей кейде жанама түрде қарастырылған. Зерттеу нысанына алынған тақырыптың тарихнамасы жалпы жәдидшілдік мәселесіне емес, нақты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезін қамтыған Қазақ даласындағы жәдидшілдіктің тарихнамасына арналған. Сондай-ақ, ҚР архивтерінен басқа, Өзбекстан мемлекеттік архиві, Томск, Санкт-Петербург, Орынбор, Мәскеу қалаларындағы мемлекеттік архивтердің құжаттары пайдаланылған. Архивтік құжаттар жинақтары мен газет-журналдардың жинақтары да қолданылған. Сонымен қатар белгілі отандық таризшы ғалымдар мен әлемдік деңгейде мойындалған шетелдік ғалымдардың да еңбектеріне сілтемелер жасалған. Зерттеудің мазмұнында келтірілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге

			сілтемелермен **расталған**. Пайдаланылған әдебиеттердің аясы кең және тақырыпты барынша ашуға мүмкіндік береді. Берілген әдебиеттер тізімі талапқа сай рәсімделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби **шолуға жеткілікті**/жеткіліксіз.	К.М. Мурзаходжаевтың диссертациясында 282 әдебиет (дерек көзі) пайдаланылған. Онда: Шетелдік және Отандық архив қорлары, архив құжаттары, архив материалдарының жинақтары, естеліктер, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстары, фотоматериалдар мен кітапханалар қорларындағы сирек қолжазбалар кеңінен пайдаланылған. Сондықтан пайдаланылған әдебиеттері әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын. 8.5.1 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби **шолуға жеткілікті**
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу методологиясы обьективтілік, тарихилық және жүйелілік қағидаларға негізделген. Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар жәдидшілдікті болашақта әлеуметтік-мәдени және ағартушылық қозғалысы ретінде қарастыратын зерттеулерде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы жәдидшілдіктің қадымшылдықпен, панисламизммен, пантүрікшілдікпен және діни реформаторлық, қоғамдық-саяси, либералдық қозғалыстармен өзара қатынасын барынша зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеуде ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру, өркениеттілік теория, интеллектуалды тарих және тағы басқа тәсілдері басшылыққа алынды. Сондай ақ, әдістемелік ұстаным ретінде соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алған. 9.1.1 **бар**
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) иә;** 2) жоқ.	Диссертацияда көрсетілген қағидалар мен берілген тұжырымдардың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық зерттеудің материалдары мен түйіндері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының мәдени өмірі, оқу-ағарту ісі, ұлттық сана-сезімнің оянуы, қазақ зиялыларының қалыптасуы,

			мектептер мен медреселер бойынша ЖОО-да арнайы курстар мен дәрістер оқу үшін, оқу құралдары мен бағдарламаларын, оқулықтарын әзірлеуде, жәдидшілдік бойынша ғылыми еңбектерді жазуда қолданылуы мүмкіндігімен тәжірибелік маңыздылығы анықталады. Диссертацияның тарихнамалық, деректанулық бөлімдері жәдидшілдік бойынша қажетті материалдарды іздеуде зерттеушілердің жұмысын жеңілдетеді. Диссертация нәтижелері қазақ даласындағы қоғамдық-саяси қозғалыстар бойынша жаңа, ауқымды, іргелі зерттеулердің туындауына септігін тигізеді. 9.2.1 **Иә**
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда практикалық маңызы бар және алынған нәтижелердің практикада қолданылу мүмкіндігі жоғары. Зерттеуде көрсетілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. 9.3.1 **толығымен жаңа**
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	К.М. Мурзаходжаевтың диссертация жұмысын жазу стилі және зерттеуді ғылыми-ақпараттық тәсілмен рәсімдеу сапасы жоғары және талаптар мен ережелерге толық сәйкес келеді. 10.1 Академиялық жазу сапасы **жоғары**
11	Диссертацияға ескертулер		К.М. Мурзаходжаевтың зерттеу жұмысына қатысты маңызды сын-пікірлер жоқ, жұмыс жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Диссертантқа ұсыныс ретінде осы диссертациялық зерттеу тақырыбы аясында гранттық ғылыми жоба дайындаса деген тілек. Жоғарыдағы айтылған ұсыныс К.М. Мурзаходжаевтың диссертациялық жұмысына нұқсан келтірмейді, берілген оң бағаны еш төмендетпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы		К.М. мурзаходжаевтың зерттеу жұмысы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі **жоғары.** Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сәйкес 13 мақала жариялаған. - ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында - 6, - Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында - 5,

	нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		- Scopus базасында тіркелген журналда 2 мақаласы сыннан өткен. Жарияланған мақалалар мен жасалған баяндамалар тікелей диссертация тақырыбына қатысты.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Мурзаходжаев Куаныш Мадиевичтің «XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы джадидтердің мәдени-ағартушылық қызметі» деп аталатын диссертациялық жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін сондықтан (PhD) докторы дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Әлем тарихы кафедрасының профессоры,

тарих ғылымдарының докторы А.Ш. Махаева

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АБАЯ»
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ_____